

«Бекітемін»
«Армантай» бақшасының
меңгерушісі
Л.Р.Усебова

«Қош келдің, әз Наурыз!»



Тәрбиеші : Юнусметова Ш.

Шымкент 2022 жыл

«Қош келдің, әз Наурыз!»

Мақсаты: «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт - дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу.: Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Көрнекілігі: плакаттар, нақыл сөздер.

Тілектер: «Ұлық бақты болсын, төрт түлік ақты болсын», «Дастарқан берекелі болсын!», «Жыл басы Наурыз, Мол болсын дәм түз!»

Әуен ойналып тұрады.

Кіріспе:

№ Топжарған тобы «Тойбастар» биі

«Гүлдер биі»

Негізгі бөлім:

1 - жүргізуші: Құрметті ұстаздар, ата - аналар, қонақтар. Бәріміздің көптен күткен Наурыз мерекесі келіп қалды. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Наурыз «жаңа күн» деген сөз. Яғни бұл күн біздің ата - бабаларымыз, арғы тегіміз, мыңдаған жылдардан бері мерекелеп келе жатқан жыл басы мерекесі.

Наурыз тойы құтты болсын!

Ұлыстың ұлы күні аталған Наурызда еңбектеріңіз өнімді болып, тілектеріңіз қабыл болсын!

2 - жүргізуші:

Наурызым қайта оралды аты аңыз,
Сұраймыз алғыс та біз, ақы да біз.
Үй - дастархан, даламыз сахнамыз,
Ұлы мейрам Наурызға шақырамыз!

1 - жүргізуші:

Көктем жетті көл - көсір шуақ құрып,
Қыс та ұзап барады жылап тұрып.
Шатырында үйлердің Наурыз да жүр,
Мұз көрпесін ақпанның лақтырып.

2 - жүргізуші: Қайырлы күн, мейрамға жиналған балалар ұстаздар! Бүгінгі Ұлыстың ұлы күні - ата - баба сөзімен айтқанда ақ түіенің қарны жарылған күн. Наурыз мейрамы - бұл

көктем мен еңбектің мерекесі, күн мен түн теңесетін күн. Бұл мейрам 22 наурыздан 19 сәуірге дейін тойланатын ұзақ мейрам. Көктем мен Жаңа күн мерекесі.

Олай болса, бүгінгі «Қош келдің, әз Наурыз!» атты мерекелік думанымызды бастаймызба балалар?

(ия, балалардың дауысы)

II жүргізуші:

Қашанда Құт - береке орнасын деп,
Тойларда шашу шашу – салты елімінін.
Ал балалар, теріп ал мәмпәсиді,
Қабыл қылсын халқымның ақ тілеуін.

I жүргізуші:

Шашу, шашу көп шашайық шашуды
Жауғандай көк аспаннан нөсер жаңбыр.
жинап алайық несібемізді,
Ризығың бола берсін көл - көсір!

-Әуенмен сахна сыртынан әжелер шашуымен кіреді

(ШАШУ ШАШЫЛАДЫ.)

1 - жүргізуші:

Алка - жұртым, той - думан,
Ортамызда ашайық.
Ән мен күйді төгіп біз,
Інжу маржан шашайық!

№ Топжарған тобы «Наурыз көктем!» әні

(Сахнаға қоян әуенмен билеп кіреді, балаларды орнында тұрғызып, билетеді, әуен біткен кезде жолбарыстың дауысы естіліп, ұзын құлақ сақ қоян қайдасың, мен сені бәрібір іздеп табамын –деп айқайлап сахнаға енеді.)

Қоян: Балалар мені жасырыңдар мен қайда тығылсам болады, (деп діріл қағып, балалардың арасына еніп, жасырынады)

Жолбарыс: Мұнда не болып жатыр, қоянды көрмедіңдерме ?
Менің қарным аш, қоянды жеймін!

1-жүргізуші: Ой жолбарыс қоянды жемеңіз, біз сізге наурыз көже және неше түрлі дәмді тағам береміз, дұрыс па балалар қоянды жеуге болмайды яяя?

Балалар: Ияя

Жолбарыс: жарайды, онда қоян да ортамызға оралсын, мен уәде беремін, жемеймін!

(қоян ортаға шығады)

1-жүргізуші: енді екеуің бір әдемі қазақтың арқан тарту ойынын ұйымдастырсаңдар, кәне балалар ортаға шығамыз!

№ «Арқан тарту» ойыны

Ал енді балуандарымызды отырғызайық

Қазақтың ұлттық тағамы наурыз көжемізден дәм татайық. Ал дәм тата отырып көктем аруларын қарсы алайық.

1. Топжарған тобының аруы Қаныбек Аянат

2. Балауса тобының аруы Анарбек Раяна

3. Балдырған тобының аруы Анарбек Айдай

4. Балапан тобының аруы Курбантаева Дилнура

5. Бөбек тобының аруы Әділхан Інжу

Қоян: Менің ән тыңдағым келіп тұр!

Жолбарыс: ия, ия ән тыңдаймызба балалар?

№ «Бала тілегі» әні Талшын мен Димаш

2 - жүргізуші: Қоян жолбарыс біздің балалар өте өнерлі енді би тамашалайық!

№ «Калинка» биі

№ «Наурыз» өзбек биі

2 - жүргізуші: Ал енді «Бөбек» тобы жылда осы мереке барысында тұсауларын кестіріп, келешекке қадамдарын нық баспақ,

№ «Тұсау кесу» рәсімі

№ «Анашым» әні Аліхан

№ «Пчелка» биі

Қоян: апайлар балаларыңыз наурызға арнап өлең оқысақ дейді, тыңдап көрейікші!

(отырған орындарында тұрғызып өлеңдерін оқыту)

Өлең шумақтары

№ «Анашым» әні Аидин

Жолбарыс: қандай өнерлі балалар!

2 - жүргізуші: Қоян, жолбарыс біздің апайларымызда өнерлі, наурыз тойына Абай атамыздың өлеңін оқысақ деп дайындалып келіпті, тыңдаймызба балалар!

Балалар: ия

Өлең жолдары – тәрбиешілеріміздің орындауында Абай Құнанбай атамыздың өлең шумақтары

№ «Қамажай» биі

● Қорытынды:

1 - жүргізуші:

Әр күніміз жақсы болсын,
Достығымыз берік болсын!
Білім-өнер серік болсын,
Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

2 - жүргізуші:

Наурыз құтты болсын!
Деніміз сау, мықты болсын!
Наурыз тойы келе берсін!
Барлық халық бақытты болсын!

● (ФЛЭШМОБ-би жиынтығы)









